


Практикалық есептер шығару дағдыларын қалыптастыру үшін түзу мен жазықтық, жазықтықтар, сонымен қатар кеңістіктегі арақашықтық ұғымын еске түсіреміз.

1. Ұзындығы 5 м сатыны қабырғаға сүйеп қойды. Егер сатының табанынан қабырғаға дейінгі қашықтық пен биіктігінің мәндері бүтін сандармен өрнектелсе, сатының ұшы жерден қандай биіктікте болады?



2. Футбол қақпасының ені – 7,32 м, биіктігі – 2,44 м.

Футболшы қақпаның жоғарғы бұрышына, суретте көрсетілгендей қақпадан 11 метр қашықтықтан айып добын орындамақшы.

1) Доп траекториясының ұзындығын табыңыздар. Жауабын жүздік үлеске дейін жуықтаңыз;

2) Доп траекториясы мен футбол алаңы арасындағы бұрышты табыңыздар. Жауабын $0,1^0$ дәлдікпен дөңгелектеңіз.



Жазықтықтағы нүктелердің геометриялық
орны ұғымын қайталаймыз.

Мысалдар келтіріңіз.

Кеңістіктегі нүктелердің геометриялық орны қандай?

- берілген A және B нүктелерден бірдей арақашықтықтарда жатқан;
- берілген α жазықтығынан d қашықтықта жатқан;
- берілген O нүктесінен d қашықтықта жатқан;
- өзара параллель жазықтықтардан бірдей қашықтықта жатқан.

Жұпқа бірігіп, мына теңдеуді шешу жолдарын қарастырыңыз.

$$(x^2 - 3)^2 - 5(x^2 - 3) + 6 = 0.$$

Бұл теңдеулерді коэффициенттері бүтін көпмүшенің рационал түбірлері туралы теорема және Безу теоремаларын қолданып шешуге де болады.

